

Су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізу, суды мемлекеттік есепке алу және оны пайдалану ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қаңтардағы N 85 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1108 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2015 № 1108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 31 шілдедегі № 19-1/718 бұйрығын қараңыз.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 36-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізу, суды мемлекеттік есепке алу және оны пайдалану ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетімен, Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитетімен бірлесіп 2004 жылғы 2-тоқсанда гидрометриялық және гидрогеологиялық бекеттер бақылау станциялары мен пункттерінің мемлекеттік желісін кеңейту және оларды өлшеу әрі есепке алу техникалық құралдарымен жарақтандыру жөніндегі ұсыныстарын енгізсін.

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Судың мемлекеттік есебі және оны пайдалану тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 15 ақпандағы N 160 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 7, 7 4 - қ ұ ж а т) ;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және күшін жойған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 20 тамыздағы N 1031 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы

Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 33-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 35, 327-құжат).

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 26 қаңтардағы

N 85 қаулысымен

бекітілген

Су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізу, суды мемлекеттік есепке алу және оны пайдалану ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізу, жер беті және жер асты суларын мемлекеттік есепке алу әрі оларды пайдалану тәртібін белгілейді.

2. Су объектілерінің мемлекеттік мониторингі қоршаған орта мен табиғи ресурстар мемлекеттік мониторингінің құрамдас бөлігі болып табылады және Қазақстан Республикасының су қорын құрайтын барлық су объектілерінде жүзеге асырылады. Су объектілерінің мемлекеттік мониторингі жер беті суларының мониторингінен, сондай-ақ жер қойнауы мониторингінің құрамдас бөлігі болып табылатын жер асты суларының мониторингінен тұрады.

3. Жер беті және жер асты суларын мемлекеттік есепке алу Қазақстан Республикасының аумағындағы су ресурстарының сандық әрі сапалық көрсеткіштерін жүйелі түрде айқындау және тіркеу болып табылады. Олардың ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан азаматтар, өнеркәсіп, құрылыс, көлік, ауыл шаруашылығы ұйымдары және өзге де ұйымдар пайдаланатын бүкіл су мемлекеттік есепке алынуы тиіс.

4. Су объектілерінің мемлекеттік мониторингі, суды мемлекеттік есепке алу мен оны пайдалануды су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті орган қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органмен (жер беті сулары бойынша), жер қойнауын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті органмен (жер асты сулары бойынша) және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен (ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау көздері суының сапасын, сауықтыру мақсатындағы және рекреация үшін пайдаланылатын су

объектілерінің жай-күйін бағалау жөнінде) бірлесіп әзірленген бірыңғай әдістемелік негізде жүзеге асырылады.

5. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасы су ресурстарының республикалық ақпараттық-талдау жүйесін бірлесіп жасайтын мемлекеттік органдардан алынған мемлекеттік мониторингінің бастапқы материалдарын жинауды, қорытуды, талдау мен бағалауды қамтамасыз етеді.

2. Су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізу, суды мемлекеттік есепке алу және оны пайдалану тәртібі

6. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті орган жер беті су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізу, суды мемлекеттік есепке алу және оны пайдалану бөлігінде:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органмен бірлесіп жер қойнауын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша жер беті су объектілеріндегі мемлекеттік бақылау станциялары мен бекеттері желісін құру әрі дамытуды, жер беті су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізу, суды мемлекеттік есепке алу және оны пайдалану жөніндегі автоматтандырылған ақпараттық жүйелер әзірлеуді қамтамасыз етеді;

2) мемлекеттік органдардың жер беті су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізу, суды мемлекеттік есепке алу және оны пайдаланумен байланысты жұмысын үйлестіреді;

3) ведомстволық бағыныстағы су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарда су мониторингі мен оны есепке алуды жүзеге асырады;

4) су пайдаланушыларды тіркеуді жүзеге асырады;

5) су пайдаланушы заңды және жеке тұлғалардың жер беті су объектілерінен алған және оларға ағызған су мөлшерін бастапқы есепке алуды дұрыс жүргізуін, су тұтыну мен ағызуды есепке алуға арналған жабдықтар мен аппаратураның болуын әрі олардың жай-күйін, бұл жабдықтар мен аппаратураны мемлекеттік аттестаттаудың белгіленген мерзімдерінің сақталуын бақылайды, сондай-ақ су пайдаланушылар есептілігі негізінде су пайдалануды есепке алуды жүзеге асырады;

б) мемлекеттік органдарға, соның ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органға және жер қойнауын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті органға және олардың аумақтық органдарына регламенттелген бастапқы деректер мен оларды өңдеудің нәтижелері, анықтамаларды, баяндамалар мен ақпарат ұсынудың өзге де нысандарын дайындауды және беруді жүзеге асырады;

7) қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органға және жер қойнауын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті органға жер беті суларын пайдалануды есепке алу (су объектілерінен тікелей алынған су көлемі, сондай-ақ оларға ағызылған су көлемі) жөніндегі қорытылған деректерді тегін береді;

8) су объектілерінің жай-күйі мен су ресурстарының пайдаланылуы туралы деректерді жыл сайын қорытады, өзендер, теңіздер бассейндері, олардың учаскелері, облыстар аумақтары және жалпы Қазақстан Республикасы бойынша су объектілерінің мемлекеттік мониторингі ақпараты мен деректер банкін өңдеуді, жинақтауды, сақтауды, таратуды жүргізеді;

9) су объектілеріне келеңсіз әсер салдарларын жою немесе азайту, су ресурстарын қорғау мен ұтымды пайдалану бойынша іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі ұсынымдар әзірлеуді қамтамасыз етеді.

7. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган жер беті су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізу, суды есепке алу және оны п а й д а л а н у б ө л і г і н д е :

1) жер беті су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізу шеңберінде физикалық, химиялық, гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша жер беті суларының режимін, саны мен сапасын бақылауды ұйымдастыруды;

2) шаруашылық қызмет пен гидрометеорологиялық жағдайлардың әсерінен су объектілерінің (жер асты суларынан басқа) ластануының деңгейі және оның өзгеруі туралы ақпаратты, сондай-ақ жер беті сулары ластануы деңгейінің күрт өзгеруі туралы шұғыл ақпаратты белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдарға, мүдделі заңды және жеке тұлғаларға беруді;

3) гидрометеорологиялық орталықтар, станциялар мен бекеттері мемлекеттік желісі бақылаулары материалдарының негізінде жер беті суларының ресурстарын есепке алуды ұйымдастыруды;

4) кәсіпорындар, құрылыстар мен басқа да объектілер жобалау, салу және пайдалану үшін қажетті су объектілері (жер асты суларынан басқа) мен олардың гидрологиялық режимі, сондай-ақ гидрологиялық болжамдар туралы деректерді белгіленген тәртіппен мүдделі заңды және жеке тұлғаларға беруді;

5) өзендер, теңіздер бассейндері, олардың учаскелері, облыстар аумақтары және жалпы Қазақстан Республикасы бойынша жер беті су объектілерінің мемлекеттік мониторингі ақпаратын жинауды, өңдеуді, қорытуды, жинақтауды, сақтауды әрі таратуды ұйымдастыруды, деректер банкін жүргізуді;

6) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті органға, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті органға жер беті суларының мониторингі мен оларды есепке алу жөніндегі қорытылған деректерді , гидрометеорологиялық деректерді нормативтік нұсқаулықтар мен әдістемелік нұсқауларда, сондай-ақ келісімдерде белгіленген мерзімдерде белгіленген

т ә р т і п п е н

т е г і н

б е р у д і ;

7) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті органмен, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша жер беті суларының мемлекеттік мониторингіне қатысты нұсқаулықтар , әдістемелік нұсқаулар және басқа да нормативтік құжаттар әзірлеу әрі бекітуді қ а м т а м а с ы з е т е д і .

8. Жер қойнауын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті орган жер асты су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізу, суды есепке алу және оны п а й д а л а н у б ө л і г і н д е :

1) жер асты суларын жинап алуды немесе сарқынды сулар мен басқа да суларды жер қойнауына ағызуды жүзеге асыратын барлық су пайдаланушыларды , сондай-ақ "Жер асты сулары" бөлімі бойынша мемлекеттік су кадастрына енгізілген су объектілерін тіркеу мен есепке алуды;

2) жер асты сулары мемлекеттік мониторингіне қатысты нұсқаулықтар, әдістемелік нұсқаулар және басқа да нормативтік құжаттар әзірлеу әрі бекітуді;

3) мемлекеттік мониторинг шеңберінде белгіленген тәртіппен жер асты сулары мемлекеттік мониторингін жүзеге асыруды;

4) ұйымдар мен су пайдаланушылар өзінің (жеке меншіктегі) бақылау пункттері желісінде орындайтын жер асты суларының су режимі мен олардың сапасын зерделеу жұмыстарын жүргізуді бақылауды;

5) жер қойнауын гидрогеологиялық зерттеу материалдары негізінде, жер асты сулары қойнауынан шығарылатын (ілеспесін қоса алғанда), жер қойнауына ағызылатын сулар мөлшерін сулы жиектерін қоса алғанда, жер асты суларының ресурстары мен пайдалану қорларын, сарқынды және басқа да сулардың, сондай-ақ су пайдаланушылар есептері негізінде ластаушы заттардың мөлшерін е с е п к е а л у д ы ;

б) жер қойнауын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен құрамда, нысандар мен мерзімдерде су пайдаланушылар мен жер қойнауын пайдаланушылардың жер асты сулары мониторингінің деректерін ұсынуын;

7) алынатын жер асты суларының, сондай-ақ жер қойнауына ағызылатын сулар мөлшерінің бастапқы есебін дұрыс жүргізуін бақылауды;

8) гидрогеологиялық өңірлер мен бассейндер, облыстар аумақтары және жалпы Қазақстан Республикасы бойынша жер асты су объектілері мемлекеттік мониторингінің деректер банкін жүргізуді, жер асты су объектілерінің жай-күйі туралы деректерді жыл сайынғы өндеуді, жинақтауды, сақтауды қорытуды;

9) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті органға және қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органға жер асты суларының мониторингі мен оларды есепке алу әрі пайдалану жөніндегі қорытылған деректерді белгіленген тәртіппен тегін беруді қамтамасыз етеді.

9. Су пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар:

1) жер үсті сулары бойынша су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті орган және жер асты сулары бойынша жер қойнауын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен және мерзімдерде су объектілерінен алынатын және оларға ағызылатын суларды бастапқы есепке а л у д ы ж ү р г і з е д і ;

2) су жинау және су ағызу құрылыстарын су шығысы мен деңгейін өлшеу құралдарымен жабдықтайды, сондай-ақ өздігінен ағып жатқан ұңғымаларда реттеуші құрылғылар орнатады және белгіленген тәртіппен стандарттау, метрология және сертификаттау мемлекеттік органдарында оларды салыстырып тексеру әрі аттестаттауды қамтамасыз етеді;

3) өз зертханаларында немесе мемлекеттік аттестатталған басқа кәсіпорындар , ұйымдар мен мекемелердің зертханаларында ағызылатын сулардың химиялық құрамын анықтауды қамтамасыз етеді;

4) ластаушы заттардың авариялық ағызылуы туралы, сондай-ақ су объектілерінен су жинау және оларға су ағызудың белгіленген режимінің бұзылуы туралы шұғыл ақпаратты су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы, жер қойнауын пайдалану мен қорғау саласындағы жер асты сулары бойынша) уәкілетті органдарға және қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органға береді.